

«№1 О.Есімов атындағы жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Бекітемін»

№1 О.Есімов атындағы жалпы білім
беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің директорының у.м.а:
З.Рахимова.



Тақырыбы:

«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды» атты
8 Наурыз халықаралық қыз-келіншектер күніне арналған мерекелік іс-шара

Дайындағындар директордың т әрбие ісі
жөніндегі орынбасарлары: Б.Бухарбаев, А.Тилеуова
Ұйымдастырушы педагог: Г.Сергазиева
Тәлімгер: Е.Ахжигитов
Өзін-өзі басқару ұйымы.

2023-2024 оқу жылы.

8 наурыз аналар мерекесіне арналған «Бәрі де, Ана, бір өзінен басталды» атты мерекелік бағдарлама.

1-жүргізуші:

Біз ғана емес, қадір тұтқан бабалар.

Аналардан туған небір даналар.

Ана деген тіршіліктің тірегі,

Армысыздар, қасиетті аналар!

Кеш
күн

Кеш жарық, қымбатты ұстаз - аналар, арулар! Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, тағы да 8 - наурыз халықаралық әйелдер күні келді. Осынау көркем мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны, аналарға деген ыстық сезім, алғыспен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар - өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын дінгегі. Мынау тынымсыз тіршілік пен кең дүниенің өзі тек аналармен ажарлы. Бүгінгі арайлап атқан нұрлы таңмен бірге әрбір сәби жүрегі өзің деп соқса, бүгінгі мерекелік кешіміз де аналарға арналады.

2-жүргізуші: Құрметті ақ жаулықты аналар мен қыздар! Сіздерді көктемнің алғашқы мерекесімен құттықтай отырып, «Бәрі де, Ана, бір өзінен басталды» атты мерекелік кешке қош келдіңіздер дейміз!

1-жүргізуші: Барлықтарыңызды айтулы мерекенің шын жүректен құттықтаймыз! Жер-дүниенің жаңаруын, оның сәні мен мәнін паш етіп келе жатқан тамаша көктемнің мерекесі қарсаңында Сіздерге және отбасыларыңызға мол береке, бақыт, шаттық, мызғымас денсаулық, болашаққа зор сенім, көтеріңкі көңіл-күй тілейміз!

2-жүргізуші: Барша туған-туыстарыңызды жылы жүрегіңіздің мейірімділігі мен ыстық ықыласына бөлеуден шаршамаңыздар! Жылдан-жылға табиғаттың тамаша мерзімі – көктемдей құлшырып, жасара беріңіздер!

1-жүргізуші:

Әйел-ана, ана-өмір, ана-нұр,

Жақсылықтың қасында ылғи ана жүр,

Ана деген отбасының тамыры,

Ана деген махабаттың тәңірі,

Ана, ана-үйдің сөнбес жарығы,

Аналарсыз ошақ оты жанбайды.

Аналарсыз басыңа бақ қонбайды,

Әйел ана, ана деген гүл шыбық.

Аналарсыз болмас жерде тіршілік.

2- жүргізуші:

Ана дейміз бәріміз де аңқылдап

Ана дейді жас сәби де жарқылдап

Ана деген – бәйтерегі өмірдің,

Ана деген – алтын қазық, алтын бақ!

О, аналар осындайсың бәрің де,

Осындайсың жасың-дағы кәрің де,

Сыйынатын болса өмірде құдірет,

Сыйынар ем ана деген тәңірге...

1- жүргізуші:

Ана десем шешек ашып жанары,

Өмірімнің бастау алар ажары.

Ана деген тіршілікке пана боп,

Әрбір үйде жұлдыз болып жанады, - дей отырып, алғашқы мерекелік құттықтау сөзді мектеп директорының уақытша міндетін атқарушы Рахимова Зульфия апайымызға береміз.

2- жүргізуші:

Ал енді сіздерге арналған мерекелік концертімізді қабыл алыңыздар!

7 «а» сынып оқушыларының орындауында хор «Ана» қабыл алыңыздар!

Бір өзіңнен бастап өмір жолдарын,

Жүрегіңе, жүрегімді жалғадым.

Өзің мына сыйға берген өмірде.

Ақ сүтінді ақтап өту арманым.

Барша ана, құтты болсын мерекеңіз!

Әрқашан да ана, сізбен берекеміз!

Ақтасақ ақ сүтінді, асыл анам,

Сонда біз кісілікке теңесеміз! – дей отырып Ән-күй пәні мұғалімі Исмаилов Фазыл ағайымыздың орындауында «Ана туралы жыр» әнін қабыл алыңыздар.

Ән-күй пәні мұғалімі Исмаилов Фазыл ағайымыздың орындауында
«Екі жирен» әнін қабыл алыңыздар.

1- жүргізуші:

Келесі кезекте құттықтау сөз кезегіне _____

_____ ағайларды

8 Наурыз халықаралық әйелдер күнімен құттықтауға ортаға шақырамыз.

Ұстаз-аналарымыздың құрметіне Назарларыңызға ән-күй пәні мұғалімі Уразова Нышанкүл апайымыздың орындауында «Дүние-ай» әнін қабыл алыңыздар.

Назарларыңызға Сұлу апайларымыздың орындауындағы хор «Жан досым».

2- жүргізуші:

Ана

Сен бақыттысың,

Жыламағын!

Жай түсіп жатқанда да құламадың

Тәңіріңнен мен едім ғой сұрағаның

Сондықтан жыламағын, жыламағын!

Бармын ғой

Тірімін ғой,

Қасындамын.

Өлмеймін, мен өзіндей асылданмын.

Таусылып, өз-өзіңнен шапылмағын,

Байырғы берекенді қашырмағын.

Мен сенің қанықпын ғой көз жасыңа

Өзім кепіл тот басып, тозбасыма.

Екі жыр жазсам саған бірін арнап

«Ана» деп жаздым ылғи сөз басына.

Тәңірім кеше көрсін кесірімді

Аспанға жазсам сенің есіміңді!!!

Ана,

Сен бақыттысың, тербете бер

Құба талдан иілген бесігімді...

Келесі құттықтау сөз

кезегін _____

Ән: Назарларыңызға аға тәлімгері Ахжигитов Есен ағайдың орындауында
«Ана» әні.

1-жүргізуші:

Бәрі де, Ана,
Бір өзіңнен басталды.
Сен деп жаздым алғаш өлең дастанды.
Қуандым ба,
Өзің бар деп қуандым.
Жыладым ба,
Өзің жоқ деп жас тамды.
Бәрі де ана,
Бір өзіңнен басталды.
Жанарыңнан көрдім алғаш аспанды.
Еркелесем, бір өзіңе еркелеп,
Жасқандым ба,
Тек өзіңнен жасқандым.
Алғашқы дәм, ол да сендік сүт еді,
Ақ сүт берген қашанда үміт күтеді,
Отанымның өзі сенен басталып.
Жауларыма жеткен жерден бітеді.

Келесі құттықтау сөз
кезегі _____

8 Наурыз халықаралық әйелдер күні мерекесімен құттықтауға сахна төріне шақырамыз.

8 «в» сынып қыздарының орындауында қазақша биді қабыл алыңыздар.

2- жүргізуші:

Шалқып, тасып әніміз
Жадырасын жанымыз,
Ана, сені құттықтап,
Әндетеміз бәріміз.

Ән: 10 «в» сынып оқушысы Жүсіп Гүлжайнаның орындауында «Мама» әнін қабыл алыңыздар!

2-жүргізуші:

Ардақты ана, аяулы ана, қымбаттым

Тәтті ұйқыңды бөліп талай түн қаттың

Өміріме нәрін берді ақ сүтің

Кең құшағың аясындай гүл бақтың

Ер жеткізіп елге берген баласын

Ақылдысың, ардақтысың, данасың!

Қарайтыным қас-қабағың бір сенің,

Қайратыңнан қайта көрме, анашым.

1.жүргізуші: Осымен сіздерге арналған «Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды» атты мерекелік кешімізді аяқтаймыз.

2.жүгізуші: Қош сау болыңыздар!

Мереке құтты болсын!

